

1 БӨЛІМ.
ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

РАЗДЕЛ 1.
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

SECTION 1.
LINGUISTICS AND LITERARY STUDIES

ӨОК 81'367

[DOI: 10.52301/2957-5567-2025-4-2-9-23](https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-2-9-23)

FTAMP 16.21.43; 17.71

Н. Әбдікәрім*Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»**ұлттық ғылыми-практикалық орталығы**Астана, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0001-7990-5846>*email: nursana@yandex.ru***Г. Төкенқызы***Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»**ұлттық ғылыми-практикалық орталығы**Астана, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0003-4993-9927>*email: adon70@mail.ru*

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ МОҢҒОЛ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ
БАЯНДАУЫШ ФОРМАЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ**

Аңдатпа. Мақалада қазақ және моңғол халықтарының батырлық жырларының синтаксистік құрылымдары, оның ішінде сөйлемді ұйыстыруға басты қызмет атқаратын баяндауыш формалары салыстырылып, талданады. Аталған халықтардың эпостары көп жағдайда идеялық-тақырыптық және композициялық құрылымы жағынан ұқсас болып келеді. Жалпы түркологияда қазақ ғалымдарының қазақ-моңғол тілдік байланысы және әдебиет саласы бойынша біраз еңбектері мен зерттеулері бар. Бірақ әдеби және фольклорлық шығармаларды тілдік тұрғыдан зерттеу – назардан тыс қалып келе жатқан мәселенің бірі. Осы тақырыпқа арналған алғашқы зерттеулердің бірі ретінде аталмыш мақала ұсынылып отыр. Батырлық жырлардың баяндауыш формаларын салыстыра талдау негізінде жырдағы, ондағы тармақтардың өзіндік ерекшеліктері анықталады. Жыр тармағындағы буын санының ырғақ тудыруға және инверсияға әсері туралы байлам жасалады. Бұл график түрінде көрсетіліп, түсініктемелер беріледі. Қазақ, моңғол халықтарының ғана емес, түркі-моңғол халықтарының ауыз әдебиетін лингвистикалық кеңістікте

зерттеу – осы сала мамандарының әлі де болса толыққанды бара алмай жүрген, әлемдік ғалымдардың да қызығушылығын тудыратын тақырыптарының бірі. Болашақ зерттеулерге арқау болатын осындай бағыттар туралы да мәлімет беріледі.

Түйінді сөздер: салғастырмалы фольклортану, қазақтың батырлық эпосы, моңғолдың батырлық эпосы, баяндауыш, тармақ, тармақтағы буын саны, инверсия.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 05.02.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 23.05.2025

Кіріспе

Кез келген халықтың фольклоры – оның тарихы мен мәдениеті, дүниетанымы мен болмысы, өмір сүру салты мен арман-қиялынан туындаған құнды мұра. Алтай тілдерінің төркіндестігін контактологиялық үдерістердің нәтижесі деп білетін неоалтаист ғалымдар (В.И. Рассадин, Ж.Қ. Түймебаев, Н.И. Егоров, т.б.) жалпыалтайлық негіз туралы постулат, оның ішінде түркі-моңғол халықтарының байланысы толық дәрежеде өз шешімін табу үшін компаративистиканың барлық әдіс-тәсілдерін тілге қатысты ғана емес, рухани-мәдени, заттық-материалдық мұраларға да ұтымды пайдалануды ұсынады (Түймебаев, Сағидолда, 2015, б. 86). Осы тұрғыдан келгенде, алтай теориясына қамтылатын халықтардың ауызша жеткен мұрасын әдеби-поэтикалық қана емес, лингвофольклорлық жағынан сараптаудың маңыздылығы бар.

Қазақ филологиясында түркі-моңғол тілдерінің қарым-қатынас жайындағы зерттеулер ғылыми еңбектерге арқау болды (Түймебаев, Сағидолда, 2015; т.б.). Ал әдеби мұраларын фольклортанушы А. Тойшанұлы мифология тұрғысынан зерттеді (Тойшанұлы, 2009); Ж. Хиналған «XX ғасырдағы моңғолдың қазақ әдебиетінің пайда болу, дамуы, қалыптасуы» (2020) атты диссертациялық еңбек қорғады. Бірақ соңғы аталған еңбектер әдебиеттану саласына қатысты, әдеби мұралар тілдік тұрғыдан қарастырылмаған.

Қазақ және моңғол халықтарының батырлық жырлары идеялық-тақырыптық, композициялық жағынан онша алшық кетпейді: отанды сүю, сыртқы жауға қарсы шауып, жеңіспен оралған батырдың ерлік ісін дәріптейтін сюжеттік-композициялық туынды (Темиргазина, 2024, с. 23–24). Мысалы, моңғол эпостарының кейіпкері – бір құрылықты иемденген хан мен оның ханшасы бір перзентке зар болып жүргенде туған бала. Ол кішкентайынан басқалардан өзгеше, қас қағым сәтте ер жетіп, мінетін ат, өзінің қалыңдығын іздеп, өзімен сайысқа түсетін батырды іздеп, ата-анасының «қаның әлі сұйық, жассың» дегенін елемей, атын ерттетіп, құрал-сайманын асынып, алыстағы қалыңдығын іздеп, 99 жылдың арғы жағындағы басқа бір ханның еліне барғанда, оның көздеп барған қалыңдығын алуға Тәңірдің ұлы ардақты қара, ұзын сары немесе қара жалмауыз, жердің жылдам Сарысы, Тәңірдің Тебені, қара балуан тәрізді көптеген батырлар да келіп қояды. Қыздың әке-шешесі – хан мен ханыша ердің үш ойынын (бәйге, күрес және садақ ату) ұйымдастырып,

кім жеңсе, соған қызын ұзатпаққа сөз береді. Хан мен ханшаның барлық шартын орындап, қалыңдығын алып, қайтып келгенде, арттағы елін жалмауыз шауып, ата-анасы мен халқын, малын иемденіп алады. Батырлық жорық кезінде тағы бір батырмен алғашқыда күш сынасып, соңында онымен достасып, бірлесіп, жауын жеңіп, ата-ана, аға-бауыр, елін құтқарып, алпыс жыл жырғаулы, сексен жыл тойын жасап, пышағын қоймастан ет жесіп, кесесін қоймастан қымыз-қымыран ішісіп, сырттан шабар дұшпансыз, іштен сатар сатқынсыз бақытты ғұмыр кешіпті деп бітеді (Гаадамба, Сампилдэндэв, 1988, б. 236–237).

Эпос табиғатын синтаксистік конструкциясы мен компоненттері, тұрақты элементтері бойынша зерттегенде, әр түрлі халықтардың батырлық жырларының ұқсастығы, айырым белгілері, көркемдеуіш құралдарының негізі амал-тәсілдері, ондағы кейіпкерлер мен батырлардың образын беру ерекшелігі және т.б. мәселелер жүйелі түрде анықталады. Эпостың әрбір элементі мен оқиғаларын қарастырап болсақ, неміс моңғолтанушысы W. Heissig көрсеткендей, онда үш жүзден астам мотив бар, ал «... оған тағы да он бес мотив: уақыт, батырдың туған жері, батырдың жері, батырдың өзі, аттың тұлғасы мен қабілеті, жорық, ант ағасы және көмекші, қорқыту, жау, жауға қарсы күрес, батырдың әскери айласы, қамқор болу, некелесу, үйлену және үйге келу мотивтерін қосуға болады» (Heissig, 1996, p. 89). Эпостағы сөйлем – поэтикалық фраза, ол белгілі бір дәрежеде айқын шекарасы бар аяқталған құрылым ретіндегі сипатқа ғана емес, түрлі мәнмәтінге қатысты болатын, оның бөлшегі, құрылысының элементі, бүтіннің бөлшегі ретінде көрініс табатын сипатқа да ие. «Бұл сипаттар тұтас сөйлемнің белгілері мен сапаларын тануға мүмкіндік береді».

Сондықтан эпос сөйлемінің синтаксистік мәнін ашу үшін оны құрастырушы сыңарлардың арасындағы өзара қатынасты анықтап алған жөн. Солардың бірі һәм негізгісі – сөйлем предикативтілігін жасайтын тұрлаулы мүшелер – бастауыш пен баяндауыш – арасындағы қатынас. Ал жырда батыр есімі субъект ретінде әр сөйлемде ашық/жасырын түрде қайталанып отыратыны белгілі. Оның әр әрекетін жырлау, бір қарағанда, қимыл-әрекеттері санамалау сияқты болып көрінеді. Бірақ осы санамалаудың өзіндік қызметі қандай деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап іздеу біздің мақаламыздың мақсатын айқындайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде «Орақ билән Мамай батырдың хикаясы» (2013), «Қобыланды батыр» (2019), «Эргэл түргэл» (2009), «Эрийн сайн Ханхарангуй» (2012) жырларынан мысалдар келтірілді.

Мақалада салыстырмалы-салғастырмалы, құрылымдық-семантикалық талдау әдісі, тілдік деректерді жинау және классификациялау, тілдік деректерді кескіндеп көрсету әдістері қолданылды. Салыстырмалы-салғастырмалы әдісті фольклорлық мәтіндерге қолдану қазақ және моңғол жырларының синтаксистік құрылымдарының ұқсастығы мен айырмашылығын көруге мүмкіндік береді. Құрылымдық-семантикалық талдау әдісі жырдағы сөйлемдер мен сөз тіркестерінің құрылымын талдауға бағытталған. Ондағы баяндауыш формаларының қолданысын салғастыра зерттеу әр халықтың өзіне тән поэтикалық ерекшелігін анықтап, оның

көркемдік әсерін беруге және аяқталған/аяқталмаған (одан әрі жалғасатын) ойдың тұлғалануын саралауға мүмкіндік береді. Дескриптивті әдіспен қазақ және моңғол жырларынан құрылымдық және мазмұндық жағынан барынша ұқсас үзінділер келтіріле отырып, ондағы нақты деректер талданды. Тілдік деректерді жинау және классификациялау әдісі жырдың көлемін қысқартып, дәйек ретінде алынған мысалдарды жүйелеуге қолданылды. Бұл әдіс тілдік элементтердің контексте қалай қызмет атқаратынын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тілдік материалдардың қолданысы кескіндемеге салынып, олардың өзара ерекшелігі көрсетілді. Сол арқылы баяндауыштың тармақта орналасуы мен буын санының айырмашылығы, оның ырғақ тудырудағы, ойды өрбітудегі қызметі сараланды.

Нәтижелер және талқылау

Түркі-моңғол халықтарының эпостық жырларын салыстыра-салғастыра зерттеуде Ю.П. Борисов (2016), А.А. Бурыкин (2019) бастаған ресей-якут ғалымдарының еңбектерін атай аламыз. Бұл тақырып тек қана аталған халық өкілдері ғана емес, шетел ғалымдарының да назарына іліккен. Солардың бірін атар болсақ, араб ғалымы моңғол-түркі халықтарының эпикалық типологиясының қалай қалыптасып, қалай дамығанын зерттеп, ғылыми мақала жариялаған (Davood, 2014, p. 157–180). Сондықтан да болар, алтайтанушы А.А. Бурыкин бұл бағыттағы зерттеулердің тым үстірт екенін атай келе, «... эпостық жанрлардың, қаһармандық жырлардың дәстүрін, мәтіндерді, поэтикасын, эпикалық ұйқас және т.б. бойынша зерттеу оң нәтиже беретін өзекті тақырыптардың бірі» деп біледі (Бурыкин, 2019, б. 72). Ал якут, алтай, хакас және бурят халықтарының батырлық жырларын зерттеген ғалымның пайымдауынша, бұл халықтардың эпостарында синтаксистік параллельдер бір-біріне ене отырып, «жалпыэпикалық параллелизмдер», оның негізінде эпикалық формулалар пайда болған (Борисов, 2016, б. 19–20). Эпикалық формуланың өзі ритм, синтаксистік схема, лексикалық детерминант факторларына тәуелді болатындығын ескерсек, осы және басқа да сұрақтарды зерделеу де біздің назарымызда болуы керек. Негізінен, эпосты жан-жақты зерттеу үшін: 1) текстологиялық (жырларды баспаға дайындау, жариялау); 2) тарихи және генетикалық; 3) тарихи, ғылыми, терминологиялық және библиографиялық; 4) транслатологиялық (тілдерге аударылуы); 5) фольклорлық; 6) лингвистикалық; 7) культурологиялық, этнографиялық және өнертану, дінтану; 8) музыкатану (жырлау); 9) білім беру ...» (Omakaeva, Urgadulova, Kitlaeva, et al., 2025, p. 233–234) бағыттары бойынша зерделенуі қажет. Бұл бағыттар болашақ зерттеулердің еншісінде деп білеміз.

«Эпос синтаксисі өзінің қарапайымдылығымен, әр түрлі конструкциялардың композициялық жетілген түрімен ерекшеленеді... Сөйлемдердің синтаксистік құрылымының ауқымдылығы оның тым көлемділігі есебінен туындайды» (Аударма – Н.Ә., Г.Т.) (Гергокова, 2015, б. 65).

Ауқымдылықты тудыратын һәм эпикалық баяндауды ұйыстыратын арқау – жыр қаһарманы. Бірақ бұл әрекеттер қаһарманды асқақтатуға арналады. Ол көбінесе баяндауыш формаларынан көрініс табатыны белгілі. Сондықтан буынға негізделген силлабикалық өлеңнің баяндауышының тұлғалануы және ондағы буын

санының арасында қандай да бір заңдылықтың болуы шарт деген ойдамыз. Бұл сұраққа жауап іздеу үшін қазақ моңғол батырлық жырларынан іріктеліп алынған мысалдар негізінде талдау жасауды жөн көрдік.

Төмендегі жыр жолдарында қазақ, моңғол батырларының жорыққа аттанар алдындағы сәті бейнеленген:

Ардақтаған хан Мамай Сыртқа шығып шолады, Серуенге көзін салады, Төңірекке қарайды... Қайтадан үйге кіреді... Шарбағым деп алады.... Кебінім деп киеді... Қарасым деп мінеді... (Орақ билән Мамай батырдың хикаясы, 2013)	... Эргэл түргэл Эрийн олон толгой зэвсэг <i>Агсаж аваад</i> Эрэмтэй уулын чинээ Үен хөх морин дээрээ Аливхийж <i>мордоод</i> Харалдай мэргэн шиг Хар халзан мориндоо Аливхийж <i>мордоод</i> Хадаан хар хүрмийг <i>хайгаад</i> Ар их нутгаа <i>тэмцээд</i> Алтан шар замд нь <i>ороод...</i> (Эргэл түргэл, 2009)	... Эргэл түргэл Ердін (ер адамның) көп қару-сайманын <i>Асып алып</i> Еңгезер таудай Ақ көк (боз) атының үстіне Қарғып <i>мініп</i> Харалдай мергендей Қара қасқа атына Қарғып <i>мініп</i> Хадаан хар хүрэмді <i>ізден</i> Артта қалған еліне <i>жорықтап</i> Алтын сары жолына түсіп ...
--	---	--

Келтірілген жырлардағы сөйлемдер – бірыңғай етістік баяндауышты жай сөйлемдер. Теориялық синтаксис тұрғысынан мұнда бастауышты қайталауға қажеттілік жоқ, бастауыш синтаксистік жүктемеден айырылған. Ал жырдағы жарыспалы сөйлемдер айшықтауға қызмет атқарып тұр. Мұндай айшықтау тілдік тұлғалануы жағынан біраз айырмашылықта екенін көруге болады: 1) қазақ тілінде әр сөйлем жеке тармаққа орналыстырылып, үшінші жақтың ауыспалы өткен шағымен, моңғол тілінде көсемшенің салаластырушы жалғауларымен (зэрэгцүүлэх нөхцөл) тұлғаланған; 2) соңғысында баяндауыштың жеке тармаққа орналасуы кездеседі (Қараңыз: асты сызылған сөздер); 3) қазақ жырында әрбір баяндауышқа бағынышты сөздер 2–3-тен аспаса, моңғол жырында оның көлемі 1–2 тармаққа жетеді. Яғни моңғол жырларында субъектінің әрекеті толымды және толымсыз сөйлемдер ретінде тармаққа бөлініп орналастырылады. Моңғол жырына көбінесе тармақтың басындағы ұйқас тән, ал батырлық жырларында басы мен аяғындағы ұйқас қатар көрініс табады. Онда батырдың іс-әрекетінің циклдік кезеңі тиянақталғанға дейін (іс-әрекеттің біту фазасына дейін) кеңінен толғап, тармақтарының саны қазақ жырына қарағанда біршама артатыны байқалады. Мысалы, төменде батырдың атақ-даңқы мен әрекетін суреттейтін бір ғана субъектіге байланған 57 тармақтан тұратын жыр жолының 36 тармағы көсемше жалғауымен (моңғол грамматикасында есімше, көсемше формалары жұрнақ емес, етістіктің жалғауы деп танылады) салаласқан толымсыз сөйлем, 7 толымды сөйлемнен және бірнеше құрмалас сөйлемнен тұрады:

Урьдын Улаанхонгор Тэр жил нь тас цавчилдаад Түүний хойтон жил нь Улаан наран тунараад дайлдаад Ой сайхан нутаг Баян сайхан далай Нутаг руу орж ирэв. (Эрийн сайн Ханхарангуй, 2012)	Алыңғы жақтың Улаанхонгоры Сол жылы тас-түс соғысып Оның арғы жылы Қызыл күн батқанша соғысып Орман жақсы елі Бай жақсы теңіз Жеріне қарай кіріп келді. (Эрийн сайн Ханхарангуй, 2012)
---	---

Бұдан байқайтынымыз, қазақ жырларындағы үздіксіздік пен ықшамдылық біршама аяқталған ойлардың желісін құраса, моңғолдікі көсемшенің салаластырушы жалғауларының түрлі формаларымен беріліп, ойдың аяқталмай, одан әрі үдеп отыруын қамтамасыз етеді. Қазақ тілінде көсемшенің негізгі 3 қана тұлғасы болса, қазіргі халха-моңғол тілінде көсемшенің 12 түрлі, оның ішінде салаластырушы 4 түрлі жалғауы бар. Бұл жырдың көлемін ұлғайтып, батырдың әрекетін кеңінен санамалауға әсер етеді деуге болады.

Жалпы жыр жолдары оқиғалардың желісі болғандықтан, етістік баяндауыштар мол болады, ол негізгі эпикалық қаһарманның әрекеттерін бейнелеуге жұмсалады. Яғни динамика осы етістік баяндауыштарға сүйенеді. Мысалы (сандар тармақтың ретін білдіреді):

1. Қару-жарақ киініп, 2. Бір құдайға сыйынып, 3. Енді атына мінеді, 4. Денеге сауыт киеді (Қобыланды батыр, 2019)	 12. Ақсұңқар құстай шүйіліп, 21. Батыр Қоблан ақырды (Қобыланды батыр, 2019)
--	---

Моңғолдың Улаанхонгор батырының атақ-даңқ, ерлігін санамалаған (жоғарыдағы қазақ эпосына ұқсас) сөйлемдерден мысал келтірейік:

1. Түймэрдсэн ясы нь хайрагдаад 2. Хайрагдсан ясаа 3. Хаврын хонгор салхинд хийсгээд 12. Хоногийн дотор хоосон 13. Хийгээд хаяв гэнэ (Эргэл түргэл, 2009)	Өртенген сүйегі қарылып Қарылған сүйегін Көктемнің қоңыр желіне ұшырып Қонақтың ішінде құр Қалдырып тастапты дейді
--	---

Салыстырылған жыр үзінділерінің айырмашылығы 1-сінде субъектіге дейін – 20 тармақ, ал 2-сінде 13 тармақ батырдың әрекетін сипаттаға жұмсалған, субъектісі

жасырын. Осылайша етістіктен жасалған баяндауыштардың тұлғалану формалары арқылы жырдағы іс-әрекеттің орындалу қарқынын, сипатын, сабақтастығын беруде белгілі бір заңдылыққа бағынатындығын аңғарамыз: қазақ жырларында бір оқиғаның басталуы детерминанттан басталып, *-ын (-in, -n)* формалы қимыл-сын көсемше оралымдарымен өрнектеле отырып, *-ады (-edi)* тұлғасындағы ауыспалы өткен шақпен ұласып, жырдың шиеленісі *-ды (-di)* тұлғалы өткен шақпен (арасында көсемше тұлғасымен де) беріліп, қақтығыс аяқталған кезде қайтадан бастапқы формаға ауысады.

Осы айтқанымызды графикпен өрнектесек, мынадай сұлба шығады:



Сур. 1. Жырдағы етістік баяндауыштардың көрінісі

Ескерту: етістік баяндауыштарды белгілеу тәртібі (мәні) мынадай: көсемше формалары – 1-ге; ауыспалы өткен шақ формалары – 2-ге; жедел өткен шақ формалары (іс-әрекеттің аяқталу фазасы) 3-ке тең. Біз назарымызды тек етістіктен жасалған дара баяндауышқа аударып отырғандықтан, есім баяндауыштарды 0-мен белгіледік.

Бұдан (2-сызбадан) қазақ тілінде етістік баяндауыштардың формалары жиі алмасып отыратындығы, ал моңғол тілінде бір форманың қолданысы салыстырмалы түрде созылатындығы байқалады. Бірақ іс-әрекеттің аяқталу фазасы талданып отырған бөлікте 3 рет болған. Бұл, біздің ойымызша, жырдың мазмұндық-композициялық ұқсастығын көрсетеді. Қазақ жырында ауыспалы өткен шақ тұлғалы, моңғол жырында көсемше тұлғалы баяндауыш басымдыққа ие. Соның ішінде қазақ жырында дара баяндауыш үстем. Мысалы төмендегі он бір тармақта бір ғана субъектіге байланған бес дара баяндауыш жұмсалған:

Құланнан <i>атты</i> қодықты, Көлден <i>тартты</i> борықты, Жетемін деп <i>торықты</i>, Намаздыгер өткенде, Намаз ақшам жеткенде, Қазанның Сырлы қаласын	Қобыланды батыр <i>көреді</i>. Бес ағаштың түбінде Қазанның алған жылқыға Ағыны қатты Бурылмен Аңқытып келіп жолықты. (Қобыланды батыр, 2019)
--	---

Төмендегі он екі тармаққа өрілген моңғол жырында да бес баяндауыш бар: оның төртеуі жасырын субъектінің іс әрекетін білдіргенімен, тиянақсыз (көсемше формасында) формада келген, ал батырдың аттың жанына келуі мазмұндық тұрғыдан біршама аяқталған ойды көрсеткенімен, ол да тиянақсыз формамен тұлғаланған. Яғни әрекеттің одан әрі жалғасуы «сұранып» тұр.


Саглагар сайхан зандан модны Сүүдэрт зогсоод Сайхан мөнгөн хазаарыг Гурван үе жингэнүүлээд Гурван үе хангинуулаад Сажаад (сэгсрээд) авахуйд Эргэл түргэл хазаараа сэгсрэх чимээг Хангайн чинээ биетэй Хар ташаа Хангал хар хээр морь Алдалгүй мэдээд... (Эргэл түргэл, 2009)	Салбыраған зандан ағаштың Көлеңкесінде тұрып Әдемі күміс жүгенді Үш рет сыңғырлатып Үш рет сылдырлатып Сілкіп алғанда Эргэлтүргэл жүгенін сылдыратқанын Таудай денелі Қара тұрық Асау қара кері ат Жібермей (бірден) біліп...
---	--

Сонымен қатар қазақ жырында алдыңғы екі жолдағы баяндауыш инверсияға түскен, моңғол жырында мұндай құбылыс мүлдем байқалмайды.

Сөз болып отырған мәселені мазмұндық-көлемдік жағынан есепке алу арқылы қазақ және моңғол эпостарының композициялық мәтінқұраушы блоктарын буын саны бойынша қарастыруға болады. Қазақ және моңғол жырларындағы тағы бір айырмашылық – тармақтағы сөздердің буын саны. Қазақ жырларында көбінесе 7–8 буын болса, моңғол жырында 3–13 буынға дейін жетеді. Сөздің екпіні салыстырмалы түрде қазақ тілінде соңғы буынға, моңғол тілінде басқы буынға түседі. Моңғол тілінде созылыңқы дыбыстардың болуы да просодияға әсер етпей қоймайды. Бұл сөйлемдердің шұбыра тізбектелуіне және олардың көлемінің (тармақ санының) реттелуіне жол ашады, ол тізбек аяқталған әрекетті білдіретін шақ формасына өткенше дамылдамай жалғаса береді. Мысалы (жақшада буын саны көрсетілген):

Э-рийн сайн (3) <u>Хан ха-ран-гуй хүү</u> (5) Ар-ван най-ман алд (5) Ал-тан цол-быг (4) Ан-гал-зах-ын цагт (5) А-ман хү-зүү-гээр (5) Ал-дал-гүй хая-хад (5) Ог-тор-гуйн од тоо-лон зүт-гэ-жээ (9) Зан-дан у-лаан хэ-лээ-рээ өл-гөн нэ-гэн үм-хэв (13) (Эрийн сайн Ханхарангуй, 2012)	Ердің жақсы (сы) Ханхарангуй бала Он екі құлаш Алтын шылбырды Аузын ашқан мезетте Мойын жалына Қателеспестен тастағанда Өлемнің жұлдызын санап ұмтылыпты Сандал (ағаш) қызыл тілімен іліп бір тістеді. (Эргэл түргэл, 2009)
---	--

Осы айтылғандарды төменде графикпен көрсеттік:



Сур. 2. Жыр үзіндісіндегі тармақтардың буын саны

Мұнда (2-сызбада) қазақ жырларында буын саны 5-9-ға дейін жететін болса, моңғол жырларында 3–13-ке дейін жететіндігі көрсетілген. Бұдан буын санына негізделген қазақтың силлабикалық өлең жүйесін аңғару қиын емес, ал моңғол жырында буын саны секірмелі сипатта.

Осылайша тармақтағы буынның еркіндігі моңғол жырын ырғаққа енгізудің бір амалы бола алады, ал қазақ тілінде ондай еркіндік байқалмайды. Сонымен қатар қазақ жырларында баяндауыштың тиянақты тұлғада жиірек қайталануы тармақтың буын санының еркін қозғалысқа түсуіне (әр тармақтағы буынның «қалай болса, солай» орналасуына) мүмкіндік бермейді. Сондықтан да, біздің ойымызша, қазақ жыры поэтика заңдылығын – ырғақтылықты қамтамасыз ету мақсатында инверсияға бой алдырады, ал моңғол жырында бұл буын санын әр тармаққа бөліп орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ жырларында күрделі баяндауыштардың етістік түрі де, күрделі, құрама түрі де кездесіп отырады, алайда бұлардың саны дара етістік баяндауыштарға қарағанда өте аз және қазіргі қолданыстан ерекшеліп алар жайттарды байқай алмадық. Мұның себебі де батырлық жырдың тілдік-жанрлық ерекшелігінде жатыр. Батырлар жырындағы темпоралдылық, қимылдың сыпаты тез, дереу орындалған я орындалатын әрекеттерді бейнелеуді қажет етеді. Ал күрделі етістік баяндауышта істің орындалу сыпаты, негізінен, әрекеттің орындалу ұзақтығын білдіруге бейім болса, құрама баяндауыш сын-сипатқа, заттық белгіге қимыл «таңуға» бейім болады.

Эпикалық жанрда суреттеулер мен портрет жасау үшін толымсыз сөйлемдердің баяндауышы ретінде қолданылатын тұлғалардың бірі – есімшенің өткен шақ формасы. Төменде мысалға алынып отырған 32 тармақтың 22-сі *-ған* формалы есімшемен, 3-і ғана ұйқас аллитерациясын қамтамасыз ететін (азан, сазан, Қазан) сөздермен аяқталған.

Сол уақытта алдынан
Қара қасқа ат мінген,
Құйрық жалын шарт түйген

.....
Алдынан шықты ер Қазан.

Моңғол жырларында көбінесе эпос қаһарманын, оның тұтынатын заттарын, ат әбзелі мен құрал-саймандарын сипаттау немесе ұлықтау, мадақтау бөліктерінде есім баяндауыштар жиі кездеседі. Төменде Ханхарангуй батырды таныстыру үшін оның әке-шешесі мен қарым-қабілетін суреттеген 33 тармақтың 8-і *-тай/тэй* (қаз.: -лы/лі ...), 10-ы *-лгуй* (қаз.: -май/мей... немесе -сыз/сіз; жоқ); 12-сі *-сан/сэн...* (қаз.: -ған/ген...); 1-еуі жалғаспалы көсемше *-саар/сээр..* (төрсөөр – туа сала) аффикстерімен тұлғаланып, соңғы «Эрийн сайн Ханхарангуй гэж явав л буюу гэнэ» («Ердің жақсысы Ханхарангуй деген жүріпті деседі-міс») деп аяқталады.

1. Айхан тохой нутагтай (1) 33. Эрийн сайн Ханхарангуй гэж явав л буюу гэнэ.	Айхан тохой жерлі Ердің жақсысы Ханхарангуй деген жүріпті деседі-міс.
---	--

Келтірілген мысалдардан аталған халықтардың батырларды сипаттау тәсілі ұқсастығын байқаймыз, айырмашылығы – моңғол жырында субъектге дейінгі тармақ санының көптігінде; яғни қазақ жырында мұндай суреттеулер біріншісінен екіншісіне жиі-жиі ауысып отыратын болса, моңғол жырында ол ұзақ суреттеледі.

Сонымен қатар белгілі бір септік тұлғасындағы есім және басқа сөз таптары да баяндауыш қызметінде жұмсалуды кездеседі. Алайда мұндай жағдайда қазақ және моңғол жырларының есім сөздерді сөйлемнің соңына ығыстырудың түрлі амалы жұмсалатындығы байқалады. Қазақ жырында әдейі сөзді тастап кету (эллипс) немесе инверсиялау жиі қолданылады. Мысалы:

Өзі алты жасында Кәмшат бөркі басында Тобылғы торы ат астында Қаршығасы қолында Тазысы ерткен соңында (Эргэл түргэл, 2009)	Өөрөө зургаан насандаа Булган малгай нь толгойдоо Цайвар хээр нь доороо Харцага нь гартаа Хоточоо дагуулсан сүүлдээ
---	---

Мұндағы *Кәмшат бөркі басында* – Басында кәмшат бөркі бар; *Тазысы ерткен соңында* – Тазысын соңына ерткен ретінде беруге не кедергі болады деген сұрақ туындайды. Бірақ поэтикалық мәтіннің «тиянақтылығы» мен «құлаққа жағымдылығы», әрекеттің үдемелілігі басты мәселе болуы шарт.

Ал моңғол жырында мұндай жағдайда инверсия болмайтындықтан, бір сөйлемдегі сөзді тармақтарға «шашып» орналастыру тиімді:

1. Миний	Менің
2. Алтан гүнж	Алтын ару
3. Хүүхний унадаг	Бойжеткен(ім)нің мінетін
.....	
4. Эээн хааны	Ие(міз) ханның
5. Баруун гарын	Оң қолының
6. Дээд түшмэл болгоно гэсэнд (Эргэл түргэл, 2009)	Бас уэзірі болғызады дегенде

Мұндағы 1–3 тармақ, 10–12 тармақтардағы сөздер негізінен бір ғана сөйлемнің компоненті, бірақ әрбір есім сөз бен сөз тіркестерін жеке тармаққа орналастырылған. «Әрбір тармақтың интонациялық оқшаулығы олардың әрқайсысына жеке-жеке ой екпінін түсіреді; өлеңнің тармаққа бөлінуі арқылы әр тармақ не жеке сөйлем не күрделі сөйлем мүшесі болып ұйымдасады да, кейін бастарының құрасуына жеңілдеу соғады» (Сыздықова, 2014, б. 276). Басқаша айтқанда, моңғол жырында қазақ жырындағыдай тізбектелген инверсия болмағанмен, вертикальды инверсия орын алады. Көне түркілік ұғымда «... көлденең кеңістік үлгісі... төрт тарапқа бағытталатындығымен ерекшеленетіндігін» (Kossymova, 2024, б. 3) ескерсек, қазақ жырындағы тізбекті инверсия түркілердің осы таным-түсінігіне қатысты болуы мүмкін.

Шетел ғалымдары қазақ фольклорын «Әдет-ғұрып, салт-дәстүр және тілдегі кейбір аймақтық айырмашылықтарға қарамастан, Қазақстандағы да, Шыңжаңдағы да қазақтардың фольклоры біртектес» (Reichi, 2019, p. 56) деп есептейді. Ал моңғол жырлары тілдік-мазмұндық тұрғыдан қазіргі Моңғол Елінің аумағында өмір сүретін халха, ойраттардың өзінде бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан қазақ жырларының осындай қасиетін пайдаланып, оны түркі-моңғол, тіпті әлемдік кеңістікте салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулердің нысанына айналдырған жөн.

Қорытынды

Қазақ және моңғол жырларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тек қана предикативтілікке қатысты емес, синтаксистік бірлік пен оның бөліктерінің ұйымдасу тәсілдері мен модельдері (синтаксистік параллелизм, позициялық қайталау, тізбектік қайталау, өлеңаралық атрибуция және т.б.) бойынша зерттеу болашақта назарда болатын мәселелердің бірі болып табылады.

Қорытындылай келгенде, қазақ және моңғол жырларын салыстыра талдау олардың тіл арқылы, ауыз әдебиетінің үлгілері арқылы көрініс табатын мәдени элементтерінің жүйесін, ұқсас болғанымен, сапалық айырым белгілерін танытатын элементтерінің және тілдік деректерінің ерекшеліктерін терең танып, түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Борисов Ю.П. Ритмико-синтаксический параллелизм в якутском олонхо и тюрко-монгольских эпосах: сравнительный аспект. Автореф. ... канд. филол. наук. Якутск, 2016. 35 с.

- Бурыкин А.А. О некоторых формулах, встречающихся в образцах фольклора тунгусских, тюркских и монгольских народов // Вестник СВФУ. №1. 2019. С. 70–80.
- Гаадамба Ш., Сампилдэндэв Х. Монгол ардын аман зохиол. Улаанбаатар, 1988. 325 б.
- Гергокова (Этезова) Л.С. Язык карачаево-балкарского героического эпоса «Нарты». Нальчик: Издательский отдел. КБИГИ, 2015. 120 с.
- Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел шежіре, 2014. 384 б.
- Темиргазина З.К., 2024. Батыр в казахском эпосе как архетип героя: концепции А. Маргулана и современных исследователей // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. Т. 4. №1. С. 20–27. <http://doi.org/10.52301/2957-5567-2024-1-49-56>
- Тойшанұлы А. Түрік-монғол мифологиясы. Алматы: «Баспалар Үйі», 2009. 192 б.
- Түймебаев Ж., Сағидолда Г. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі. (Фонетика. Морфология). Алматы: Атамұра, 2015. 70 б.
- Хиналган Ж. XX ғасырдағы монғолдың қазақтілді әдебиетінің пайда болу, дамуы, қалыптасуы. Дис. канд.филол.наук. Ұлан-Батыр, 2020.
- Davood, E.M. (2014). Turco-Mongolian enthusiasm: the form and simplicity of gonichnate. *New Literary studies*, 47, 157–181. Retrieved 21 December 2024 from https://jls.um.ac.ir/article_33747.html?lang=en
- Heissig, W. (1996). The Present State of the Mongolian Epic and Some Topics for Future Research. *Oral Tradition*, 11/1, 85–98. Retrieved 10 November 2024 from https://journal.oraltradition.org/wp-content/uploads/files/articles/11i/9_heissig.pdf
- Kossymova, G., Kulbarak, S., Zhalalova, A., Kaliyeva, N., & Zadakhanova, A. (2024). The Concept of “World” in Ancient Turkic World View. *Journal of Nationalism, Memory & Language Politics*, 10, 1–17. <https://doi.org/10.2478/jnmlp-2024-0005>
- Omaeva, E.U., Urgadulova, A.I., Kitlyaeva, S.D., & et al. (2025). Kalmyk Heroic Epic “Jangar” in the Original and Translation as a Bilingual Phenomenon: Thesaurus Modeling of Epic Lexicon and Translation Strategies. *Forum for Linguistic Studies*, 7(2), 231–239. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.7878>
- Reichi, K. (2019). Oral Epics Along the Silk Road: The Turkic Traditions of Xinjiang. *Journal of Chinese Oral and Performing Literature*, 38(1), 45–63. <https://doi.org/10.1353/cop.2019.0011>

Дереккөздер

- Орақ билән Мамай батырдың хикаясы. В: Бабалар сөзі: жүзтомдық. Т. 40 Астана: Фолиант, 2013. 350 б.
- Қобыланды батыр. В: Дала фольклорының антологиясы: Он томдық, Т.1: Батырлар жыры / Жалпы ред. К.І. Матыжанов. Алматы: М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2019. 560 б.
- Эргэл түргэл. В: Катуу Б. Баяд ардын тууль. Улаангом: Увс аймгийн тамгын газар, 2009. 211 б.
- Эрийн сайн Ханхарангуй. В: Цэрэнсодном Д. Монгол аман зохиолын талбарт дээж бичиг. Улаанбаатар: «Тод Бичиг» ХХК, 2012. 744 б.

² <https://hh.kz/article/31321?hhtmFrom=main>

References

- Borisov, Yu.P. (2016). *Ritmiko-sintaksicheskij parallelizm v jakutskom olonho i tjurko-mongol'skih jeposah: sravnitel'nyj aspekt* [Rhythmic-syntactic parallelism in the Yakut olonkho and Turkic-Mongolian epics: a comparative aspect]. Avtoref. ... kand. filol. nauk. Yakutsk. (in Russ.)
- Burykin, A.A. (2019). O nekotorykh formulakh, vstrechayushchikhsya v obraztsakh fol'klora tungusskikh, tyurkskikh i mongol'skikh narodov [On some formulas found in samples of folklore of the Tungus, Turkic and Mongolian people's]. *Vestnik SVFU*, 1, 70–80. (in Russ.)
- Davood, E.M. (2014). Turco-Mongolian enthusiasm: the form and simplicity of gonichnate. *New Literary studies*, 47, 157–181. Retrieved 21 December 2024 from https://jls.um.ac.ir/article_33747.html?lang=en
- Gaadamba, Sh. & Sampildendev, H. (1988). *Mongol ardyn aman zokhiol* [Mongolian Folklore]. Ulaanbaatar. (in Mong.)
- Gergokova (Etezova), L.S. (2015). *Yazyk karachaevo-balkarskogo geroicheskogo eposa "Narty"* [Language of the Karachay-Balkar heroic epic "Narty"]. Nal'chik. (in Russ.)
- Heissig, W. (1996). The Present State of the Mongolian Epic and Some Topics for Future Research. *Oral Tradition*, 11/1, 85–98. Retrieved 10 November 2024 from https://journal.oraltradition.org/wp-content/uploads/files/articles/11i/9_heissig.pdf
- Khinalgan, J. (2020). *XX gasyrdagy mongoldyn kazaktildi adebietinin payda bolw, damuy, kalyptasy*. Dis. kand. filol. nauk. Ulan-Batyr. (in Kaz.)
- Kossymova, G., Kulbarak, S., Zhalalova, A., Kaliyeva, N., & Zadakhanova, A. (2024). The Concept of "World" in Ancient Turkic World View. *Journal of Nationalism, Memory & Language Politics*, 10, 1–17. <https://doi.org/10.2478/jnmlp-2024-0005>
- Omakaeva, E.U., Urgadulova, A.I., Kitlyaeva, S.D., & et al. (2025). Kalmyk Heroic Epic "Jangar" in the Original and Translation as a Bilingual Phenomenon: Thesaurus Modeling of Epic Lexicon and Translation Strategies. *Forum for Linguistic Studies*, 7(2), 231–239. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.7878>
- Reichi, K. (2019). Oral Epics Along the Silk Road: The Turkic Traditions of Xinjiang. *Journal of Chinese Oral and Performing Literature*, 38(1), 45–63. <https://doi.org/10.1353/cop.2019.0011>
- Syzdykova, R. (2014). *Abay shygarmalarynyn tili. Leksikasy men grammatikasy: Kop tomdyk shygarmalar zhinagy* [The language of Abai's poems. Vocabulary and grammar: a collection of multi-volume works]. Almaty: El shezhire. (in Kaz.)
- Temirgazina Z.K. (2024). Batyr v kazakhskom epose kak arkhetyip geroya: kontseptsii A. Margulana i sovremennykh issledovateley [Batyr as an archetypal hero in the Kazakh epic: conception A. Margulana and contemporary researchers]. *Til zhane adebiyet: teoriyasy men tazhiribesi*, 3(1), 20–27. (in Russ.). <http://doi.org/10.52301/2957-5567-2024-1-49-56>
- Toyshanuly, A. (2009). *Turik-mongol mifologiyasy*. [Turkic-Mongol mythology]. Almaty: "Baspalar Uyi". (in Kaz.)
- Tuimebaev, J. & Sagidolda, G. (2015). *Altaistikanyñ tarikhi-lingvistikalyk negizi. (Fonetika. Morfologija)*. [Historical-linguistic basis of Altaistics. (Phonetics. Morphology)]. Almaty: Atamura. (in Kaz.)

Sources

- Ergel turgel. (2009). In: Katuu, B. Bayad ardyn tuul' [The epic of the bayad people]. Ulaangom: Uvs aymgiyn tamgyn gazar. (in Mong.)
- Orak bilen Mamay batyrdyn khikayasy. (2013). In: Babalar sozi: zhuztomdyk [Grandfather's word: one hundred volumes]. T.40. Astana: Foliant. (in Kaz.)
- Koblанды batyr. (2019). In: Dala fol'klorynyn antologiyasy: On tomdyk. T.1: Batyrlar zhyry. [Field folklore anthology: Ten volumes, Volume 1: Song of Heroes]. Zhalpy red. K.I. Matyzhanov. Almaty: M. Auezov atyndagy adebiet zhane oner instituty. (in Kaz.)
- Eriyn sayn Khankharanguy (2012). In: Tserensodnom, D. Mongol aman zokhiolyn talbart deezh bichig [Sample text in the field of Mongolian oral literature]. Ulaanbaatar: "Tod bichig" ХХК. (in Mong.).

Н. Абдикарим, Г. Токенкызы

*Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова
Астана, Казахстан*

**ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ СКАЗУЕМЫХ
В КАЗАХСКИХ И МОНГОЛЬСКИХ ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ**

Аннотация. В статье сравниваются и анализируются синтаксические структуры героического эпоса казахского и монгольского народов, в частности, формы сказуемых, которые играют ключевую роль в организации предложения. Эпос этих народов в значительной степени схож по идейно-тематической и композиционной структуре. В области тюркологии существует ряд трудов и исследований казахстанских ученых по казахско-монгольским языковым и литературным контактам. Однако изучение литературных и фольклорных произведений языковой точки зрения является одной из недостаточно исследованных проблем. Предложенная статья представляет собой одно из первых исследований по этой теме. Сравнительный анализ форм сказуемых героических эпосов позволяет выделить особенности стихотворных периодов и отдельных строк. В статье делается вывод о влиянии количества слогов в стихах на создание ритма и инверсию. Эти моменты представлены в виде графиков с пояснениями. Выявленные сходства и различия обусловлены культурными ценностями каждого народа, поэтическими традициями его литературного наследия и мировоззренческими особенностями. В статье также предлагаются тематические направления для будущих исследований в этой области.

Ключевые слова: сравнительная фольклористика, казахский героический эпос, монгольский героический эпос, сказуемые, строки, количество слогов в строке, инверсия.

N. Abdikarim, G. Tokenkyzy*National Scientific and Practical Center "Til-Kazyna" named after Sh. Shayakhmetov
Astana, Kazakhstan***FUNCTIONING OF PREDICATES IN KAZAKH
AND MONGOLIAN HEROIC EPICS**

Abstract. The article compares and analyzes the syntactic structures of the heroic epics of the Kazakh and Mongolian peoples, focusing in particular on the forms of predicates, which play a key role in sentence organization. The epics of these peoples are largely similar in terms of their ideological themes and compositional structure. In the field of Turkology, there are a number of works and studies by Kazakhstani scholars dedicated to Kazakh-Mongolian linguistic and literary contacts. However, the study of literary and folklore works from a linguistic perspective remains one of the underexplored issues. The proposed article represents one of the first attempts to address this topic. A comparative analysis of predicate forms in heroic epics makes it possible to identify the structural features of poetic periods and individual lines. The article concludes that the number of syllables in verses influences rhythm creation and inversion. These aspects are presented in the form of explanatory graphs. The identified similarities and differences are attributed to the cultural values of each people, the poetic traditions of their literary heritage, and their worldview characteristics. The article also suggests thematic directions for future research in this field.

Keywords: comparative folkloristics, Kazakh heroic epic, Mongolian heroic epic, predicates, poetic lines, number of syllables per line, inversion.

Авторлық үлестер

Әбдікәрім Н. – тұжырымдама, деректерге жетекшілік ету, әдіснама, талдау, визуалдау, бастапқы жобаны жазу.

Төкенқызы Г. – тексеру, ресурстар табу, қадағалау, толықтыру, редакциялау.